

Бекітемін: *Қ.Қ. Сейдалиева*
№ 29 «Ай-Керім» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:
Қ.Қ.Сейдалиева

Тақырыбы: «Қазақ тілі- ғажап тіл» Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті

Қазақ тілі пән мұғалімі: Ильясова:Л.Т

Өтілетін күні: 30.03.2023 ж

Шымкент 2023ж

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті

Білім беру саласы: Шымкент қаласы, №29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы

Тобы: Қызғалдақ мектепалды орыс тобы

Физикалық дамыту;

Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады;

Өтілетін күні: 30.03.2023 ж

Тақырыбы: «Қазақ тілі- ғажап тіл »

Мақсаты: Балалардың Қазақ тілді үйренуге, түсінуге және оны ықыласпен тындауға деген ынтасын, қызығушылықтарын арттыру.

Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрып өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуымен сөйлеу мәдениетін дамыту. Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, балаларды тіл үйренуге, халық мәдениетін құрметтеуге, адамгершілікке баулу.

Міндеті: Қазақстан- көп ұлтты мемлекет болғандықтан осы топта үш ұлттың балалары оқиды. Сондықтан күнделікті жұмыста балаларды бір-бірін сыйлауға, достық қарым-қатынасты нығайта білуге, біріне-бірі көмекке келуіне, рухани адамгершілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, үйрету, ойын.

Көрнекіліктер: қазақша ұлттық бұрыш, ойын материалдары, таратпа көрнекілік құралдары

Қызмет этаптары	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастыру шы қозғаушы қызмет түрі	Сәлемдесіп, шаттық шеңберіне шақырады. Шаттық шеңбері: Кел, шеңберден қалма, Айналаңа күлкі сыйла. Сыңғырлаған сол күлкің, Достарыңа арналсын. Не аспанда қалықтай, Қанат қақсын ақкудай. Қабак шытпа, күлімде, Шын ниетпен күлгенде Жарқырайды әлем де!	Сәлемдесіп, шеңбер бойында жылулық шеңберін айтады.
Ұйымдастыру ізденушілік	Балалардың назарын слайдтағы кең байтақ туған жер табиғатына аударады. Балалар бұл суреттен не көріп	Қазақстан Республикасы Таулар, ормандар, көлдер, өзендер, егін

тұрсындар? Қандай тамаша көрініс.Дұрыс айтасындар бұл біздің еліміз,жеріміз,әсем табиғатымыз. -Біз қай мемлекетте өмір сүреміз? -Біздің мемлекеттік тіліміз қандай? -Біздің туылған қала қалай аталады? -Сен қай балабақшаның тәрбиеленушісісің? -Сендердің ұлттарың қандай? Сен қай тілде сөйлейсің ? Неге?Міне балалар, осыдан қазақ балаларының ғана емес, басқа да ұлт өкілдерінің «Мен қазақ тілін үйренемін, себебі мен Қазақстан Республикасында өмір сүремін» деген сөздерін есту біз үшін әрине үлкен дәреже, мақтаныш. Қазақ тілі – ғажап,көркем, бай тіл екендігін ойын барысында бірге көрейік. Балалар бүгін сендермен қызыққа толы іс-әрекетімізді бастаймыз «Ғажайып сандық»ойыны Балалар өздеріне таныс кеспе әріптерден ғажайып сандыққа сөз жазады. жарайсындар балалар, енді осы сөздерді буынға бөліп айтайық,сендер өте зерек, ақылды екенсіңдер. Сергіту сәті: Біз бесеуміз, бесеуміз. Бес тармақты жұлдызбыз. Біз бесеуміз, бесеуміз Ақ қалпақты құндызбыз. Аяғымыз қайда екен, Тез қозғалсақ пайда екен. Бізден биік секірет Мықты жандар бар ма екен? «Кім қандай жаңылтпаш біледі?» ойыны Балалар дыбыстарға байланысты жаңылтпаштар айтады. Айша қанша арша алса,	алқабы,Астана қаласы Біз Қазақстан Республикасында өмір сүреміз Біздің мемлекеттік тіліміз-- қазақ тілі Мен Шымкент қаласында туылдым Мен «Ай-керім» бақшасы «Қызғалдақ» Тобының тәрбиеленушісімін Мен қазақ тілінде сөйлеймін,өйткені Қазақстан Республикасында тұрамын Мен осы елдің тілін құрметтеймін ойын әрекеттерін жасайды Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдайды Ата,әже,әке,қала,ұя,үй, үкі,аға Өлең шумақтарын бірге айтады Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды Жаңылтпаштарды жаңылмай айтады
---	--

	Ғайша сонша арша алды. Аршаламаған аралар, Алас ұрып жалады. 2. Топ - топырымен Топтасқан тоқылдақ, Тоқтамай томарда, Тоқтамай тоқылдат. 3. Уықтардың барлығын, Уық қапқа сал күнім. Уыз қапқа салған соң, Уыздан жеп ал күнім. Т. 6 Саусақ жаттығуы: «Күн мен гүл» Көтерілсе күнім, Ашылады гүлім. Кешкісін күн батады, Гүл ұйқыға жатады. «Көңілді доп» дидактикалық ойыны. Балалар допты бір - біріне лақтыру арқылы антоним сөздерді атайды. «Хан талапай» ұлттық ойыны. Балалар әуен ырғағымен көңілді ойнайды.	Ия,балалар саусақ жаттығуын жасайды Өлең шумақтарын бірге айтады Аспан-жер,жақсы- жаман,биік-аласа,тәтті- ащы,ақ-қара,күн- түн,тар-кең,үлкен- кіші,қыс-жаз,асты- үсті,батыр-қорқақ,дос- дұшпан,көңілді- мұңды,қуаныш- қайғыкүн-түн
Жетекші жөндеуші	Сұрақтар қойып,тақырыпты қорытады. - Жақсы, балалар, бүгінгі ойын сабағымыз сендерге жақсы көңіл - күй сыйлаған екен, оны қолдарыңдағы күлегештердің көңіл - күйі арқылы байқап тұрмын. - Осылайша, сабақтарда ойындарды ойнағанда үнемі дұрыстап ойланып, белсенді ойнасаңдар, өздеріңнің ақылды бала екендеріңді дәлелдеп, көрсетесіңдер. Бақытты балалық шақтарыңда әрдайым өмірде күлімдеп, ақылды болып жүріңдер! - Сау болыңдар, балалар!	Балалар сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, қабылдауды.

Нені игереді: Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуымен сөйлеу мәдениетін игереді. Туған жеріне деген сүйіспеншілікті сезінеді

Нені біледі : Сөйлем құрып өз ойларын жеткізе біледі.



